

**Кейіннен мемлекеттік қызметшілерге беру үшін мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорына тұрғын үйлерді иелікке алу Ережелерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы әкімінің қаулысы. 2002 жылғы 26 маусымдағы N 143/8. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 16 шілдеде N 1339 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 178/13 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 178/13 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы", 1999 жылғы 23 шілдедегі заңы "Мемлекеттік қызмет туралы" және 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңы сәйкес, облыстық мәслихаттың (II сайланған XVIII (кезектен тыс) сессиясы) 2002 жылғы 18 наурыздағы "Облыстық мәслихаттың 2002 жылғы 22 қаңтардағы "2002 жылға арналған облыстық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 11/18 шешімін іске асыру мақсатында, мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік тұрғын үймен қамтамасыз ету және бюджет қаражатын ұтымды жұмсау үшін облыс әкімшілігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған кейіннен мемлекеттік қызметшілерге беру үшін мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорына тұрғын үйлерді иелікке алу Ережелері (бұдан әрі Ережелер) бекітілсін.

2. Облыс коммуналдық шаруашылық, көлік және коммуникациялар, мемлекеттік сатып алу, коммуналдық меншік департаменттері, қалалар мен аудандар әкімдері Ережелердің орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын және бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуын бақылау облыс әкімі орынбасарының міндетін атқарушы Б.С. Демеуовке жүктелсін.

*Облыс әкімі*

Облыс әкімшілігінің  
2002 жылғы 26 маусым

N 143/8 қаулысымен бекітілген

**Кейіннен мемлекеттік қызметшілерге беру үшін  
мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорына**

**тұрғын  
Ережелері**

**үйлерді**

**иелікке**

**алу**

Тұрғын үйді иелікке алудың осы Ережелері кейіннен мемлекеттік қызметшілерге беру үшін мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорына тұрғын үйлерді иелікке алу үрдісін реттеу және облыстық бюджеттен бөлінген қаражатты тиімді жұмсау мақсатында әзірленді.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Кейіннен мемлекеттік қызметшілерге беру үшін мемлекеттік тұрғын үй қорына алынған тұрғын үйлер Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасында белгіленген техникалық, санитарлық және басқа міндетті талаптарға сәйкес болу керек.

2. Кейіннен мемлекеттік қызметшілерге беру үшін мемлекеттік тұрғын үй қорына тұрғын үйлерді иелікке алуды қазақстан Республикасы "Мемлекеттік қызмет туралы"»Заңына сәйкес және облыс әкімінің келісімі бойынша бағдарламаның әкімшісі облыс коммуналдық шаруашылық, көлік және коммуникациялар департаменті (бұдан әрі Бағдарламаның әкімшісі) мына құжаттар болған жағдайда іске асырады:

- 1) тұрғын үйді иелікке беруге өтініші;
- 2) отбасы құрамы мен тұратын жері туралы анықтама;
- 3) мемлекеттік қызметші мен онымен үнемі тұратын отбасы мүшелерінде меншік құқығындағы тұрғын үйдің жоқтығы жөніндегі анықтама;
- 4) мемлекеттік қызметшінің жұмыс орнынан (қызметінен) анықтама.

Қажетіне қарай өтінуші қосымша тұрғын бөліміне құқық беретін отбасында науқастың ауыр түрімен ауыратын адамның немесе отбасында жиырма аптадан астам уақыт екіқабат болған әйелдің барлығы жөніндегі денсаулық сақтау мемлекеттік мекемесінің анықтамасын әкелу керек.

### **2. Кейіннен мемлекеттік қызметшілерге беру үшін мемлекеттік тұрғын үй қорына тұрғын үйлерді сатып алу жөнінде конкурс ұйымдастыру тәртібі**

3. Бағдарлама әкімшісі Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы "Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына сәйкес кейіннен мемлекеттік қызметшілерге беру үшін мемлекеттік тұрғын үй қорына тұрғын үйлерді иелікке алу жөнінде мемлекеттік сатып алуды өткізудің тәсілдерін таңдайды, конкурсты өткізуге өтінімді дайындайды және облыс мемлекеттік сатып алу департаментіне ұсынады.

4. Облыстық конкурстық комиссия қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес кейіннен мемлекеттік қызметшілерге беру үшін мемлекеттік тұрғын үй қорына тұрғын үйлерді мемлекеттік сатып алу

жөнінде конкурсты ұйымдастырады және өткізеді, конкурстық құжаттамада көрсетілген мына өлшемдерді есепке алып, сатып алынатын тұрғын үйлердің жеке әрбір түрі бойынша ұтып алған конкурстық өтінімді анықтайды:

- 1) өтінушінің талаптарын қанағаттандыратын тұрғын үй бірлігіне ең аз бағасы негізінде анықталатын тұрғын үйдің құны;
- 2) қосалқы үй-жайлардың және үй жаныдағы аумақтың көріктендіру элементтерінің болуы;
- 3) көріктендірудің деңгейі, қосымша шаруашылық құрылыстар мен үй жанындағы телімдердің (жеке тұрғын үйлер үшін) болуы;
- 4) тұрғын үйдің санитарлық және техникалық нормаларға сәйкес келуі.

### **3. Кейіннен мемлекеттік қызметшілерге беру үшін мемлекеттік тұрғын үй қорына тұрғын үйлерді елікке алудың ерекшеліктері**

5. Облыс мемлекеттік сатып алу департаменті ықтималды жеткізушінің конкурстық өтінімін қарастыру кезінде ұсынылып отырған тұрғын үйді конкурстық құжаттамада көрсетілген өлшемдерге сәйкес келуіне сараптама комиссиясымен тексеріп қарауды ұйымдастыруға құқылы.

6. Тұрғын үйді тексеру жөніндегі конкурстық комиссия сараптамаға өтінімнің түсу сәтінен үш күндік мерзімде ұсынылып отырған тұрғын үйді тексереді және облыстық конкурстық комиссияға тұрғын үйді тексеру актісімен қоса ұсынымдарын береді.

7. Сараптама комиссиясының ұсынымдарын есепке алып, облыстық конкурстық комиссия заңнамамен белгіленген мерзімде тұрғын үйді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстың қорытындыларын шығарады, олардың негізінде Бағдарлама әкімшісі сатып алынатын тұрғын үйге меншік құқықтарын Тіркеу органы "Қазақстан Республикасы әділет министрлігінің Павлодар облысы бойынша Тіркеу қызметі комитетінің жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» РМК-да міндетті тіркеуден өткізіп, жеткізушілермен тұрғын үйді сатып алуға келісім шарт жасасады.

8. Бағдарлама әкімшісі бұдан әрі мемлекеттік қызметшілерге беру үшін мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорына тұрғын үйлерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі келісім шарттың шарттарына сәйкес уәкілетті органда облыс коммуналдық меншік департаментінде тиісті рәсімдерді өткеннен кейін сатып алынған тұрғын үйді облыстың коммуналдық мемлекеттік меншігіне қабылдайды.

### **4. Төлеу және тұрғын үйді беру тәртібі**

9. Сатып алынған тұрғын үйге төлеуді Бағдарлама әкімшісі тұрғын үйді сатып алу жөніндегі келісім шарт пен тұрғын үйді балансқа алу актісі негізінде

жүзеге асырады. Соның өзінде Бағдарлама әкімшісінің тұрғын үйін балансқа алу кезінде жеткізуші коммуналдық қызмет-терді толық көлемде төлеуі керек.

10. Облыс әкімияты немесе әкімінің актісімен иелікке алынған тұрғын үй Бағдарлама әкімшісі балансынан құзыреттеріне мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорын бөлу мен басқару кіретін атқарушы органдар ретінде қалалар мен аудандар әкімдеріне беріледі.

11. Қалалар мен аудандар әкімияттары иелікке алынған тұрғын үйлерді оларға қызметтік тұрғын үй мәртебесін беріп, әрі қарай Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары» Заңына сәйкес меншік құқығынсыз мемлекеттік қызметшілерге беру үшін қалалар мен аудандардың мемлекеттік коммуналдық меншігіне қабылдайды.